

**Түркістан облысы деңсаулық сақтау басқармасының «Жансая» облыстық балалар оңалту орталығы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы негізінде атқарылатын тиісті шаралар туралы өткізілген жиналыстың**

**№4 хаттамасы**

**Кентау қаласы**

**01.10.2023жыл**

Өткізілген орны: Кентау қаласы, Ш.Уалиханов көшесі 3А ғимаратында.  
Өткізілген уақыты: сағ: 12:00, кіші зал.

**Қатысқандар:**

- М.П. Байжуматова., басшының орынбасары, жұмысшы тобының төрайымы;
- Г. Н. Балабиева., мамандар бөлім инспекторы, комплеанс офицері;
- К.Т. Абиханова., кәсіподак төрайымы, жұмысшы тобының мүшесі;
- Э. О. Бекназарова., бас бухгалтер м.а, жұмысшы тобының мүшесі;
- Қ. А. Уытов., МСА есепшісі, жұмысшы тобының мүшесі;
- Кәсіпорын қызметкерлері (дәрігерлер, мейіргерлер).

**Күн тәртібінде:**

1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі жайлы;
2. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережесін түсіндіру.
3. Түрлі мәселелер.

**Бірінші мәселе бойынша - жұмыс тобының комплеанс офицері Қ.Уытов сөзді алғып, Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңының 16-бабы кәсіпкерлік саласындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары тізбектеп төмендегілерді баяндауды:**

1. Кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша:

- 1) шешімдер қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылауда болуын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;
- 2) адаптацияның қаралып тұратын мүнәсабаттарын сақтау;

- 3) мұдделер қақтығыстарын болғызбау;
  - 4) іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сақтау;
  - 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау;
  - 6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де үйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы шаралар қабылдайды.
2. Кәсіпкерлік субъектілері үшін сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі стандарттарды кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері (қауымдастықтары, одактары) әзірлеуі және қабылдауы мүмкін.

3. Квазимемлекеттік сектор субъектісінде негізгі міндеті осы үйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын құрылымдық бөлімше немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам айқындалады. Бұл ретте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам мұдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыреті, қызметтің үйымдастыру мен оның тәртібі квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі актісінде айқындалады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті орган кәсіпкерлік жөніндегі үәкілетті органмен келісу бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылмайтын кәсіпкерлік субъектілері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер құруға құқылы.

#### **14. Квазимемлекеттік сектор субъектісі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алатынын түсіндірді:**

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 2) басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мұдделелілігі;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметтіңің ақпараттық ашықтығы;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

Пациенттер және олардың ата-аналарына ақпараттық-түсіндіру шаралары жасалынды.

Сонында қызметкерлер әртүрлі сауалдарды жолдады. Әрбір сұраптарға толық жауаптар берілді.

### **Қорытынды:**

Жұмысшы тобының төрайымы М.Байжуматова отырысты қорытындылай келе қаулы етті:

1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүргізуді жүйелі түрде әрі қарай жалғастыруды, қадағалауды комплеанс офицерлері Г.Балабиева, Қ.Уитовқа жүктелді.

2. Сыйбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау және алдын алуды әр бөлім менгерушілеріне тапсырылды.

3. Осы жиналыстың хаттамасын кәсіпорынның сайтына, әлеуметтік желідегі паракшаларына жүктеу тапсырылды.

**Жиналыс төрайымы:**

  
М.Байжуматова

**Комплаенс офицер:**

  
Қ.Уитов